20531068620

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылы 23 қазан Іс №7119-23-00-2/11583 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Сарсекеев К.Б..,

сот отырысының хатшысы А.А. Абдымажитовның қатысуымен,

ашық сот отырысында АБЖ техникалық құралдарын және Whats App мобильдік қосымшасын пайдалана отырып, талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарағаннан кейін

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттк мекемесі

ЖАУАПКЕР:
1. «Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
2. «Жандосов» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі Ибрагимов Т.Р.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылдың 15 мамырында талапкер «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» ММ-мен жауапкер «Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» ЖШС арасында ашық конкурс тәсілімен 2023 жылғы 31 шілдегеі дейін қызмет көрсету мерзімімен жалпы соммасы 660 800 теңгеге киім тігу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №297 шарт жасалды.

2023 жылдың 31 мамырында талапкер «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 26.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Сарсекеев К. Б., 27.12.2023
7119-23-3-6/887

департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» ММ-мен мен жауапкер «Жандосов» ЖК арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен 2023 жылғы 31 шілдегеі дейін қызмет көрсету мерзімімен жалпы соммасы 1 231 200 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы №358 тауарды жеткізу шарты жасалды.

Талапкер жауапкерді шарт бойынша міндеттемені орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап-арызда көрсетілген негіздер бойынша талап-арызды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерлер сот отырысына қатысқан жоқ, отырыстың уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланды, сотқа қойылған талапқа қарсылық білдірмеді, келмеу себебін хабарламады, осыған байланысты сот АПК-нің 196-бабының 4-бөлігі негізінде істі олар болмаған кезде қарауға болады деп санайды.

Талапкердің түсініктемелерін тыңдап, істің материалдарын зерттеп, ұсынылған дәлелдемелерді жиынтықта қарағаннан кейін сот келесіге келді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

№1 талап бойынша.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі- заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

№ 297 шарттың 5.2-тармағына сәйкес қызмет өнім беруші қызметті Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық тапсырған жағдайда көрсетілген болып есептеледі.

№ 358 шарттың 5.3-тармағына сәйкес өнім беруші тауарды тапсырыс берушіге техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық берген жағдайда жеткізілген болып есептеледі (Шарттың 2-Қосымшасы)

№ 297 шарттың 1.1-тармағының талаптары бойынша өнім беруші осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес қызмет көрсетуге міндеттенді, ал Тапсырыс беруші өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда қызметті қабылдауға және осы Шарттың талаптарында ол үшін төлеуге міндеттенеді.

№ 358 шарттың 1.1-тармағының талаптары бойынша өнім беруші осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес қызмет көрсетуге міндеттенді, ал Тапсырыс беруші өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда қызметті қабылдауға және осы Шарттың талаптарында ол үшін төлеуге міндеттенеді.

Жауапкерлер шарттың талаптары бойынша өз міндеттемелерін орындамады.

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 26.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Сарсекеев К. Б., 27.12.2023
7119-23-3-6/887

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылатыны бекітілген.

Істің дәлелдемелері мен мән-жайларының жиынтығын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған, қызметті (тауар жеткізбеуді) көрсетпеуде, оның ішінде белгіленген мерзімде және толық көлемде шарттарды бұзуда көрініс тапқан жағымсыз салдарларды ескере отырып, сот жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды заңды, негізделген және қанағаттандыруға жатады деп санайды.

№2 талап бойынша.

Азаматтық кодекстің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3-тармағында, қызмет көрсету мерзімдері кешіктірілген жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалатыны көзделген.

Талапкер тапсырыс берушінің шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының сомасын есептеді, «Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» ЖШС жауапкері бойынша 9 912 теңге, «Жандосов» ЖК бойынша 36 963 теңге мөлшерінде, тұрақсыздық айыбының есебі тексерілді, түзетуге негіз жоқ.

Көрсетілген жағдайларды талапкердің тұрақсыздық айыбын өндіріп алу талаптары қанағаттандырылуға тиіс.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыбы 9 912 (тоғыз мың тоғыз жүз он екі) теңге және мемлекеттік баж соммасы 2 022 (екі мың жиырма екі) теңге 36 тиын өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 26.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Сарсекеев К. Б., 27.12.2023
7119-23-3-6/887

«Жандосов» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жандосов» жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыбы 36 936 (отыз алты мың тоғыз жүз отыз алты) теңге және мемлекеттік баж соммасы 2 833 (екі мың сегіз жүз отыз үш) теңге 08 тиын өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім шығарылған күннен бастап бір ай ішінде түпкілікті нысанда, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар шешімнің көшірмесін АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы жіберген күннен бастап берілуі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Құжатқа қол қойылған: Сарсекеев К. Б., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.11.2023, судья Сарсекеев К. Б., 27.12.2023

7119-23-3-6/887